

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 240 Қаулысы

"Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2014 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын камтамасыз етсін және жыл сайын 30 маусымға және 30 желтоқсанға қарай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне олардың орындалуы жөнінде ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

5

с ә у і р д е г і

N

2 4 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің

2006 - 2008 жылдарға арналған

бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме

"Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2014 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29

қарашадағы N 1678 Жарлығы

Әзірлеуге жауапты

Қазақстан Республикасы Ішкі істер

мемлекеттік орган

министрлігі

Бағдарламаның

Есірткіні теріс пайдаланудың және олардың заңсыз айналымының өсуін тоқтату, есірткілердің таралуын қоғамға барынша аз қауіп келтіретін деңгейге дейін

мақсаты

дәйектілікпен қысқарту үшін жағдай жасау

Бағдарламаның

Қазақстан Республикасында есірткіге қарсы қызметтің субъектілері арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамыту

міндеттері

Әлеуметтік салада есірткіге қарсы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық базаны

ә з і р л е у

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау тетігін жетілдіру

Есірткіге қарсы насихатты жетілдіру, салауатты өмір салтының дағдыларын сіңіру

Психикалық белсенді заттарға тәуелді адамдар профилактикасының,

диагностикасының, оларды емдеудің, оңалтудың, қайта әлеуметтендірудің қазіргі

заманғы технологияларын әзірлеу

Наркологиялық емдеу-алдын алу мекемелерінің құрылымын, технологиясын,

штаттық кестесін және

материалдық-техникалық базасын қазіргі заманғы наркологиялық көмек көрсетуді

ұйымдастырудың заңнамада бекітілген

стандарттарына сәйкес келтіру

Автоматтандырылған психологиялық

тестілеудің мамандандырылған
бағдарламаларын, есірткіге қарсы мектеп
және отбасылық бейнеқорды құру және енгізу
Жабайы өсетін құрамында есірткі бар
өсімдіктерге қарсы күрестің ғылыми
технологияларын әзірлеу
ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің осындай
жүйелеріне кейіннен ықпалдасу мақсатында
жедел, статистикалық, есепке алу және
өзге де мәліметтер алмасудың
ведомствоаралық автоматтандырылған
жүйелерін құру

Мемлекеттік шекараның бүкіл периметрі
бойынша шекаралық бақылауды күшейту.

Іске асыру мерзімі 2006 - 2008 жылдар

Қаржыландыру көздері және көлемдері 2006 жылдан 2008 жылға дейінгі мерзімге 2
млрд. 620 млн. 350 мың теңге сомасындағы
мемлекеттік бюджет қаражаты, оның ішінде
республикалық бюджеттен 1 млрд. 873 млн.
272 мың теңге және жергілікті бюджеттерден
747 млн. 078 мың теңге.

Күтілетін нәтиже

Есірткіні теріс пайдаланатын адамдарды
анықтауды арттыру және олардың санын
қысқарту
Мемлекеттік шекарада есірткіні заңсыз
өткізуге қарсы бақылауды күшейту
Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен
прекурсорлар айналымын мемлекеттік
бақылау жүйесін жетілдіру
Есірткінің заңсыз айналымымен байланысты
істер бойынша сот ісін жүргізудің сапасын
жақсарту
Есірткіге сұранысты қысқарту, есірткіге
тәуелді адамдарды емдеу және оңалту,
есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу
нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы
күрес жөніндегі арнайы бөлімшелер
қызметкерлерінің біліктілік деңгейін
көтеру саласындағы перспективалық

бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуде
техникалық көмек көрсету үшін халықаралық
ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару
жолымен есірткінің заңсыз айналымын
бақылау саласындағы тығыз халықаралық
ынтымақтастық

Нашақорлықпен ауыратын адамдар
профилактикасына, оларды емдеуге және
оңалтуға, сондай-ақ есірткі қылмысына
қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау
органдарының қызметіне жұмсалатын
шығындарды оңтайландыру

Нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу
және оңалту әдістемелерін жетілдіру

Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу
технологиясын және дене шынықтыру-алдын
алу жұмысының ұйымдастырушылық-басқару
модельдерін әзірлеу және сынап байқау

жөніндегі өңіраралық дене шынықтыру-спорт
орталықтарын, сондай-ақ оңалту

орталықтарының есірткіні теріс
пайдаланатын балалар мен жасөспірімдерге
арналған бөлімшелерін құру және олардың
жұмыс істеуін қамтамасыз ету

Түрлі өнеркәсіп өнімдері мен медициналық
препараттар алу мақсатында құрамында
есірткі бар өсімдіктерді қайта өңдеу
технологиясын әзірлеу

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.11. N 288 қаулысымен

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты" атты 4-ұзақ мерзімді басымдықтың құрауышы болып табылады. Осыған байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678

Жарлығымен бекітілген іске асырылуы үш кезеңге бөлінген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2014 жылдарға арналған стратегиясының негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірленді, онда нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылдың бірінші кезеңдегі негізгі бағыттары баяндалған.

Бағдарлама нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы бұрын қолданыста болған бағдарламаларға қатысы бойынша сабақтастық қағидаты сақтала отырып әзірленді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Географиялық орналасуы, көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуы, көптеген шектес мемлекеттермен шекараның "ашықтығы" және біздің мемлекетіміздің ішіндегі әлеуметтік-экономикалық тұрақты жағдай Қазақстанның Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен Ресейге, одан әрі қарай Еуропаға есірткі құралдары мен психотроптық заттардың транзиті үшін "көлік дәлізі" болуына ықпал етті.

Қолданылып отырған шараларға қарамастан, республикадағы есірткі ахуалы күрделі күйінде қалуда және тұрақты келеңсіз серпінмен сипатталады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001 - 2005 жылдарға арналған стратегиясының үш кезеңі іске асырылды.

Бірінші кезең 2000 - 2001 жылдарды қамтыды, оның қорытындысы Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 395 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000 - 2001 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру арқылы елде нашақорлыққа қарсы күрес жүйесінің негізгі буындарын құру болды.

Мәселен, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар республикалық бюджеттен 260 млн. теңгеге жуық сомаға техника, жабдық, материалдар түрінде нақты қолдау алды.

Бұрын болған консультативтік-кеңесші орган - Есірткіге бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссияның орнына кейіннен уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес комитеті болып қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес агенттігі құрылды.

Әр облыста, Астана және Алматы қалаларында әкімдердің орынбасарлары басқаратын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес комитетіне есеп беретін нашақорлыққа және есірткі

бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмыс істей бастады, бұл жергілікті жерлерде есірткіге қарсы жұмысты жолға қоюға мүмкіндік берді.

Екінші кезең Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 736 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002 - 2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру арқылы бұрын құрылған буындарды нығайтуға бағытталды.

Мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін талдау Қазақстан Республикасының Үкіметі қойған мақсаттар мен міндеттердің орындалғанын, нәтижесінде белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізілгенін көрсетті.

Осылайша, республика өңірлерінде наркологиялық қызметтерді жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылды, нашақорлықтың таралуының жаңа үрдістері ескеріле отырып, наркологиялық диспансерлердің құрылымында кәмелетке толмағандарды емдеуге арналған стационарлық бөлімшелер құрылды, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемаларына арналған мерзімді журнал шығарылуда және өтеусіз негізде таратылуда, Қазақстан Республикасындағы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласына халықаралық ұйымдар мен донор елдердің қаражаты айтарлықтай белсенді түрде тартылды, арнайы бөлімшелерді, кинологиялық қызметтерді ұйымдастыру және материалдық-техникалық нығайту ж а л ғ а с т ы .

Үшінші кезең Қазақстан Республикасында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың толық ауқымды жүйесін қалыптастыруға бағытталды, оны іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 411 қаулысымен Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

2004 жылғы бірінші тоқсанда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) құрылды оған барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес құрылымдардың есірткіге қарсы қызметін үйлестіру жөніндегі функциялар жүктелді. Өңірлік деңгейде нашақорлыққа қарсы қызметті әкімдіктер жанындағы өңірлік комиссиялардың басшылығымен барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар жүзеге асырылады. Олардың көпшілігінің құрамына Төраға орынбасары деңгейінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Ішкі істер департаменттері Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармаларының бастықтары енгізілді.

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің әсіресе соңғы жылдары шиеленісе түскен проблемалары Азия мен Еуропада жүріп жатқан әскери-саяси сипаттағы жаһандық процестерге де, сондай-ақ түрлі елдердегі қылмыстық күштердің жеке әлеуметтік проблемаларды есірткінің заңсыз саудасының,

діни фанатизм мен экстремизмнің, халықаралық терроризмнің арандатушылықтары желісін кеңейту арқылы шешуге өсіп отырған ұмтылысына да байланысты.

Есірткінің заңсыз айналымының көлемі мен Қазақстанда оларды теріс пайдалану ауқымы халықтың денсаулығына қатер төндіріп қана қоймай, сонымен бірге экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайға, мемлекет жүргізіп отырған экономикалық реформалар процесіне теріс әсер ете отырып, өсе түсуде.

2005 жылғы 1 қаңтарда "нашақорлық" диагнозымен 47 мың 903 адам есепте тұрды. Нашақорлықтың жастар арасында таралуы ерекше алаңдаушылық туғызады. Әйелдер арасында есірткіге тәуелділердің саны өсуде.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің деректері бойынша (2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) есірткілерді теріс пайдаланатын 53577 адам есепте тұрады, оның ішінде 4940 әйел, 4843 кәмелетке толмағандар (қоса алғанда 14 жасқа дейінгілер - 1233).

Тұтастай алғанда, 1991 жылдан бастап есірткіге тәуелділердің саны 4,5 есе дерлік көбейді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы жүргізген зерттеу деректері бойынша 2002 - 2003 жылдары елде есірткі тұтынушылардың нақты саны 200 000-нан астам адамды немесе жалпы халық санының 1,3%-ын, немесе еңбекке қабілетті халықтың 2,06% - ын құрады.

Ересек халықтың арасында есірткіге тәуелділікті анықтаудың ең жоғары көрсеткіштері Алматы қаласында, Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, ал балалар мен жасөспірімдер арасында - Алматы және Қарағанды облыстарында, Астана қаласында тіркелді.

Есірткіге тәуелділерге арналған "Кездесу" қоғамы" (Амелия қаласы, Италия) әлеуметтік-оңалту орталығы әзірлеген нашақорлық профилактикасы және оның алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі шетелдік оң тәжірибе Ақмола облысының Раздольное ауылында орналасқан Есірткіге тәуелділерді әлеуметтік оңалту орталығын құру және оның жұмысын ұйымдастыру кезінде пайдаланылды.

Қалыптасқан жағдайдың күрделілігі мен оның маңыздылығын Қазақстанның барлық облыстарында, Астана және Алматы қалаларында жүргізілген, 18 жастан асқан 12 мың адам қатысқан әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері де көрсетті. Қазақстандықтардың көпшілігі нашақорлық пен есірткі бизнесінің таралуын заманымыздың ең елеулі қаупі деп санайды. Атап айтқанда, сұралғандардың 30,3%-ы нашақорлық пен есірткі бизнесі проблемасы бүгінгі күні басқалармен қатар "Қазақстан үшін ең өткір проблемалардың бірі" болып табылады деп санайды.

Статистикалық деректерді талдау есірткінің заңсыз таралуымен және оларды медициналық емес мақсатта пайдаланумен байланысты қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтардың тұрақты өсу үрдісінің сақталып отырғанын куәландырады. Оның

нашарлау себептерінің бірі ел ішіндегі есірткіге тәуелді адамдар санының өсуіне тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы "ауыр" есірткілердің транзиті болып табылады.

2001 - 2005 жылдар аралығында Қазақстанның құқық қорғау органдары 62519 есірткі қылмыстарын тіркеді, есірткі құралдарын өткізудің 22021 фактісі анықталды, заңсыз айналымнан 104,5 тоннадан астам әр түрлі есірткі құралдары, оның ішінде 2 тоннадан астам героин алынды.

Тек 2005 жылдың ішінде 9741 есірткі қылмысы, оның ішінде есірткі өткізудің 4330 фактісі анықталды, заңсыз айналымнан 23 тонна 696 кг астам есірткі құралдары, оның ішінде 625 кг-нан астам героин алынды.

Жүріп жатқан есірткі рыногын қарқынды құрылымдық қайта құрудың салдары дәстүрлі каннабис тобындағы есірткілерді героин, апиын сияқты белсенділігі жоғары, қымбат тұратын және денсаулыққа анағұрлым қауіпті есірткілердің ығыстыруы болды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалы: есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар санының көбеюімен; есірткі бизнесіне қарсы күрестің, оның трансұлттық сипатына және Қазақстан Республикасы аумағының транзиттік рөліне байланысты ерекшелігін тиісінше есепке алмаумен байланысты мемлекеттік және кедендік шекараларды қорғау жөнінде тиісті қызметтер қабылдайтын шаралардың тиімсіздігімен; құзыретіне есірткі бизнесінің ақшасын "жылыстату" фактілерін анықтау және жолын кесу кіретін мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тетігінің жоқтығымен;

есірткі қылмысының ұйымдасқан нысандарына қарсы күрес тиімділігінің жеткіліксіздігімен;

есірткіні тұтынушылар жасының төмендеуімен; есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін адамдарға алдын алу, емдеу және оңалту көмегінің жеткіліксіз дамуымен;

есірткінің екінші айналымын болдырмау мақсатында оларды есепке алу, сақтау және жою тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің сақталмауымен;

есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелерін регламенттейтін ғылыми, әдістемелік және практикалық базаның жеткіліксіздігімен;

әлеуметтік-психологиялық оңалтудың тұтас жүйесінің болмауымен сипатталады.

Республикада есірткіленудің бетін қайтару нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресте барлық қоғамдық және мемлекеттік институттардың күш-жігерін нақты жұмылдырғанда ғана мүмкін болады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты есірткіні теріс пайдаланудың және олардың заңсыз айналымының өсуін тоқтату, есірткілердің таралуын қоғамға барынша аз қауіп келтіретін деңгейге дейін дәйектілікпен қысқарту үшін жағдай жасау болып табылады.

Бағдарламаның аса маңызды міндеттерінің қатарынан мыналарды бөліп көрсету қ а ж е т :

Қазақстан Республикасында есірткіге қарсы қызметтің субъектілері арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамыту;

есірткіге қарсы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау тетігін жетілдіру;

есірткіге қарсы насихатты жетілдіру, салауатты өмір салтының дағдыларын сіңіру;

психикалық белсенді заттарға тәуелді адамдар профилактикасының, диагностикасының, оларды емдеудің, оңалтудың, қайта әлеуметтендірудің қазіргі заманғы технологияларын әзірлеу;

наркологиялық емдеу-алдын алу мекемелерінің құрылымын, технологиясын, штаттық кестесін және материалдық-техникалық базасын қазіргі заманғы наркологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырудың заңнамамен бекітілген стандарттарына сәйкес келтіру;

автоматтандырылған психологиялық тестілеудің, есірткіге қарсы мектеп және отбасылық бейнеқор мен кітапхананың мамандандырылған бағдарламаларын құру ж ә н е е н г і з у ;

жабайы өсетін құрамында есірткі бар өсімдіктерге қарсы күрестің ғылыми технологияларын әзірлеу;

кейіннен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұқсас жүйелерімен ықпалдасу мақсатында жедел, статистикалық, есепке алу және өзге де мәліметтермен алмасудың ведомствоаралық автоматтандырылған жүйелерін құру;

мемлекеттік шекараның бүкіл периметрі бойынша шекаралық бақылауды күшейту.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Осы Бағдарламаны іске асыру мыналарға бағытталады:

Қазақстан Республикасында есірткі ахуалының дамуының жай-күйін және үрдісін талдауға, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру барысы туралы ақпараттық-талдау материалдарын д а й ы н д а у ғ а ;

мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясат пен стратегияны әзірлеуге және іске асыруға;

заңнаманы қолдану практикасын талдау және қорытындылау жолымен есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы заңнаманы жетілдіруге;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған жедел-алдын алу іс-шаралары мен операцияларын жүргізуге;

республикалық және өңірлік деңгейде әрі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы есірткіге қарсы іс-шараларды жүргізу жолымен қоғамдық иммунитетті қалыптастыруға, балалар мен жастар үшін қолжетімді спорттық-демалу мекемелері кешенін дамытуға;

нашақорлықпен, уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету кешенін жақсартуға, оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдікті қамтамасыз етуге, оңалту және алдын алу бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге, Есірткіге тәуелділер үшін бірыңғай телефонмен консультация беру қызметін дамытуға;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл жасау саласында, оның ішінде құрамында есірткі бар өсімдіктерді гербицидтермен және мәдени өсімдіктермен ығыстыру саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мамандарды, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттарды пайдаланатын және пайдалануға бейім адамдар профилактикасы, оларды емдеу мен әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру саласындағы мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру жолымен мемлекеттік органдарды ұйымдастырушылық-кадрлық тұрғыдан нығайтуға; "нашақорлық" диагнозы қойылған адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтуға бағытталған бағдарламаларды және тиісті қызметтердің түр-түрін құруға және дамытуға;

есірткінің заңсыз айналымына және нашақорлыққа қарсы күресті тиімді ұйымдастыру үшін қажетті техника мен жабдықтарды сатып алу жолымен нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресте әрекет ететін мемлекеттік органдарды кадрлық және материалдық-техникалық тұрғыдан нығайтуға;

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін одан әрі арттыруға, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл жасауға. Есірткі бизнесіне қарсы күресу ақпаратымен, тәжірибесімен және әдістерімен алмасу үшін ғылыми-практикалық конференциялар, кездесулер өткізуге.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны орындау оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, республикалық және жергілікті бюджеттерде тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және оның шегінде және бюджеттік бағдарламалар мен заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет қаражатынан 2006 жылы - 678 млн. 506 мың теңге, 2007 жылы - 442 млн. 603 мың теңге, 2008 жылы - 752 млн. 163 мың теңге, жергілікті бюджет қаражатынан 2006 жылы - 341 млн. 333 мың теңге, 2007 жылы - 202 млн. 401 мың теңге, 2008 жылы - 203 млн. 344 мың теңге көлемінде қаржыландыруды талап етеді.

2007 және 2008 жылдарға арналған шығыстар сомасы болжалды болып табылады және тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобасын қалыптастыру кезінде республикалық бюджеттік комиссия және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттік комиссиялары нақтылайтын болады.

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.11. N 288 қаулысымен

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру мыналарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:
заңсыз айналымнан алынған есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың көлемін ұлғайтуға;

есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдалану нәтижесінде жасалатын қылмыстардың санын азайтуға;

нашақорлықтың алдын алу жүйесі мен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жасау тетігін одан әрі жетілдіру арқылы есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды теріс пайдаланылатын адамдардың анықталуын және оларды есепке қоюды ұлғайтуға;

нашақорлықпен ауыратын адамдардың профилактикасына, оларды емдеуге және оналтуға, сондай-ақ есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметіне жұмсалатын шығындарды оңтайландыруға;

нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу, оналту және қайта әлеуметтендіру әдістемелерін жетілдіруге;

балалар мен жастар үшін қолжетімді спорттық-демалыс мекемелері кешенін құруға;

есірткінің заңсыз енуіне қарсы Қазақстан Республикасының кедендік және мемлекеттік шекараларын бақылауды күшейтуге;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге;

есірткінің заңсыз айналымымен байланысты істер бойынша сот ісін жүргізуді

ж е т і л д і р у г е ;

есірткіге сұранысты азайту, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу мақсатында олардың қаржылық және техникалық көмек көрсетуі үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару жолымен халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға;

түрлі өнеркәсіп өнімдері мен медициналық препараттар алу мақсатында құрамында есірткі бар өсімдіктерді өңдеу технологиясын әзірлеуге.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.11. N 288 қаулысымен

р/с N	Іс-шара	А я қ т а у нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі ұйымдастыру және талдау іс-шаралары				
1.	Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалы дамуының жай-күйі мен үрдісіне талдауды жүзеге асыру	Үкіметке ақпарат беру	І І М (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 17-күнінен кешіктірмей
2.	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу	Үкімет қаулысының жобасы	І І М (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы 4-тоқсан
	Есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың жасалуына күдікті адамдарды ұстау кезінде, сондай-ақ осы санаттағы			

3.	істер бойынша үй-жайларды тінту, заттай айғақтарды табу және алу кезінде заңнама талапта- рының сақталуын прокурор- лық қадағалаудың жай-күйіне талдау жүргізу	Прокурорлық қадағалау актілері	Б П (келісім бойынша)	2006 - 2008 жылдар
4.	Есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша тергеу және сот практикасын талдауды жүзеге асыру	Прокурорлық қадағалау актілері, нормативтік қаулылар	Б П (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині- нің КБК	2006-2008 жылдар
5.	Мемлекеттік органдардың есірткінің заңсыз айналы- мы нәтижесінде алынған ақшалай қаражатты немесе өзге де мүлікті заңдасты- руға қарсы күреске бағыт- талған қызметін талдау	Тиісті талдау	І І М (жинақ- тау), ЭСЖҚА (келісім бойынша), Ұ Қ К (келісім бойынша), Қаржымині- нің КБК, Б П (келісім бойынша)	Жыл сайын 2006-2008 жылдар
6.	Нашақорлықтың және есірт- кі бизнесінің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдастыру	Комиссияның шешімдері	ІІМ	Тоқсан сайын 2006-2008 жылдар
7.	Тиісті мемлекеттік орган- дар мен комиссиялардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске бағытталған қызметіне талдау жүргізу	Тиісті талдау	ІІМ	Маусым, желтоқсан 2006-2008 жылдар
2. Нашақорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру жөніндегі ақпараттық-насихаттау іс-шаралары				
			І І М , БҒМ, ДСМ, өзге де мүдделі мемлекет-	

8.	Республикалық және өңірлік деңгейде халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне (26 маусым) арналған акция өткізу	Тиісті акция	т і к органдар, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Ақмола, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	2006-2008 жылдар шілде
9.	Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізу	Тиісті іс-шаралар	Т С М , облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Қостанай облысының әкімдері	2006-2008 жылдар
10.	Мектеп оқушылары мен студенттер арасында есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыруға арналған "Спорт есірткіге қарсы", "Туризм есірткіге қарсы" спорттық-бұқаралық және туристік іс-шараларын өткізу	Тиісті іс-шаралар	І І М , Т С М , өзге де мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Атырау облыстарының әкімдері	2006-2008 жылдар

11.	Халыққа нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресте мемлекеттік органдар қабылдайтын шаралар туралы ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-насихат жұмысын жүргізу	Баспасөз конференциялары, жариялымдар, сұхбат, бейне-роликтер, акциялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар, шығармашылық конкурстар ұйымдастыру және оларды өткізу	ІІМ, ЭСЖҚА (келісім бойынша), МАМ, Қорғаныс-мині, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Ақмола, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	2006-2008 жылдар
12.	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдар арасында есірткіге қарсы тақырыптағы ақпараттық материалдар шығару және тарату	Ақпараттық материалдар шығару және тарату	Әділетмінің ҚАЖК	2006-2008 жылдар
13.	Студенттер мен мектеп оқушыларының "Есірткісіз болашақ" республикалық қозғалысын дамыту жөнінде іс-шаралар өткізу	Акциялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар, шығармашылық конкурстар өткізу	ІІМ, БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Ақмола облысының әкімдері	2006-2008 жылдар
14.	Қоғамдық орындарда есірткіге қарсы тақырыптағы	Көрнекі үгіт құралдарын (жарнамалық қалқандар, билбордтар,	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде	2006-2008 жылдар

	әлеуметтік жарнаманы орналастыру	плакаттар және т.б) орнату	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдері	
15.	Дене шынықтырумен, спортпен, туризммен және т.б. айналысу үшін 12 жасқа толмаған балалар мен аз қамтылған және жайсыз отбасылардың 12 жастан асқан жеңілдік берілетін балалары тегін қатысатын спорт және демалыс секциялары мен клубтары желілерін дамыту	Секциялар және клубтар ашу	ТСМ, БҒМ, облыстар-дың, Астана, Алматы қалалары-ның, оның ішінде Атырау, Қостанай облыстары-ның әкімдері	2006-2008 жылдар
16.	Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдер үшін жазғы сауықтыру маусымын ұйымдастыру	ІІМ - ге ақпарат беру	Б Ғ М (жинақтау), облыстар-дың, Астана, Алматы қалалары-ның, оның ішінде Атырау, Оңтүстік Қазақстан облыстары-ның әкімдері	2006-2008 жылдар
17.	"Есірткісіз болашақ" ұранымен жастардың мазмұнды демалысын ұйымдас-тыру жөніндегі шығарма-шылық конкурстар (үздік сурет, плакат, шығарма және т.б.), семинар тренингілер өткізу	Конкурстар, семинарлар, тренингілер	ІІМ, БҒМ, және өзге де мүдделі мемлекет-тік органдар, облыстар-дың, Астана, Алматы қалалары-ның, оның ішінде Ақмола, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстары-ның әкімдері	2006-2008 жылдар

18.	Спорт алаңдарын ашу және балалар мен жасөспірімдерді спорттық ойындарға тарту	Спорт алаңдарын ашу	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	
19.	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемаларына арналған "Есірткісіз болашақ" мерзімді журналын шығару	Журнал шығару	ПМ	Тоқсан сайын 2006-2008 жылдар
20.	"Есірткі. Нашақорлық. Есірткі бизнесі" web-сайтын ашу және оған қолдау көрсетуді қамтамасыз ету	web-сайтын ашу	ПМ	2007-2008 жылдар
3. Нашақорлықтың алдын алу, нашақорлықпен ауыратындарды емдеу және оңалту жүйесін жетілдіру				
21.	Есірткіге тәуелді адамдарды емдеудің қазіргі заманғы әдістемелерін әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз ету, есірткіге тәуелді адамдарды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды медициналық-әлеуметтік оңалту қызметтерін нығайтуды жалғастыру	Тиісті әдістемелер	ДСМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Ақмола, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	2006-2008 жылдар
22.	Барлық білім беру ұйымдарында медициналық кабинеттер желілерін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру, оларды медициналық кадрлармен, қажетті жабдықпен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету	Кабинеттер ашу	ДСМ, БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2006-2008 жылдар
	Есірткіні теріс пайдаланатын кәмелетке толмағандарды уақтылы анықтау мақсатында психоневроло-		ДСМ (жинақтау), БҒМ, облыстар-	

23.	гиялық диспансерлердегі, учаскелік емханалардағы жасөспірімдердің медициналық-психологиялық кабинеттері желісінің қызметін жетілдіруді жалғастыру	ІІМ - ге ақпарат беру	дың, Астана, Алматы қалалары- ның әкімдері	Жыл сайын 2006-2008 жылдар
24.	Оқушылар мен студенттерді есірткі пайдалануды ерте анықтау мәніне тестілеу- ден өткізу мүмкіндігі туралы мәселені зерделеу	Тиісті ұсыныстар әзірлеу	ІІМ (жинақ- тау), БҒМ, ДСМ	2006 жылғы 4-тоқсан
25.	Есірткінің заңсыз айна- лымы фактілерін анықтау мен жолын кесуге, наша- қорлықтың алдын алуға бағытталған арнайы жедел- алдын алу іс-шараларын жүргізуді жалғастыру	Тиісті іс-шаралар	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині- нің КБҚ, ЭСЖҚА (келісім бойынша)	2006-2008 жылдар
26.	Үкіметтік емес ұйымдарды, оның ішінде есірткіге тәуелді адамдардың профилактикасы, оларды емдеу және оңалту саласында жұмыс істейтін жастар бірлестіктерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жалғастыру	ІІМ - ге ақпарат	БҒМ, (жинақ- тау), облыстар- дың, Астана, Алматы қалалары- ның әкімдері	Жарты жылда 1 рет 2006-2008 жылдар
27.	Есірткіге тәуелді адамдар үшін бірыңғай телефонмен консультация беру қызме- тінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Тиісті іс-шаралар	ІІМ, Ақмола облысының әкімі	2006-2008 жылдар
28.	Медициналық емдеу курсы- нан өткен есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалтуды жалғастыру және Есірткіге тәуелді адам- дарды әлеуметтік- психологиялық оңалту орталығын және оның өкілдіктерін материалдық- техникалық нығайту	Есірткіге тәуелді адамдарды тиісті түрде оңалту, Орталықты және оның өкілдіктерін материалдық- техникалық нығайту	ІІМ	2006-2008 жылдар
29.	Оқу орындарын»нашақорлық- қа қарсы бағыттағы бағдарламалармен және әдебиеттермен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар- ды және салауатты өмір		БҒМ, ІІМ, ДСМ, облыстар- дың, Астана, Алматы қалалары-	

	салтын насихаттауды жалғастыру	Тиісті іс-шаралар	ның, оның ішінде Ақмола, облыстарының әкімдері	2006-2008 жылдар
30.	Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарының оқытушылары үшін конференциялар мен семинарлар өткізу	Конференциялар, семинарлар, әдістемелік ұсынымдар	БҒМ	2006-2008 жылдар
31.	Нашакорлықтың алдын алу саласында мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері деңгейінде Ұлттық дерекқор жүйесін енгізуді жалғастыру	ІІМ, ДСМ, БҒМ, ТСМ арасында корпоративтік (ведомстволық) ақпараттық желі ұйымдастыру	ІІМ, ДСМ, БҒМ, ТСМ	2006-2008 жылдар
4. Есірткі айналымын бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар, ғылыми зерттеулер				
32.	Сораны ығыстыруды қамтамасыз етуге қабілетті перспективалы гербицидтер мен мәдени өсімдіктерді іріктеу жөніндегі жұмысты жалғастыру	ІІМ - ге ақпарат беру	АШМ	Жыл сайын 2007-2008 жылдар
33.	Отандық өндірісті дамыту мақсатында отандық өндірушілерден есірткіні табуға арналған жабдық, техника, химиялық жиынтықтар сатып алуды қамтамасыз ету	Есірткіні табуға арналған жабдық, техника, химиялық жиынтықтар сатып алу	ІІМ, ИСМ	2006-2008 жылдар
34.	ЕПП айналымын регламенттейтін заңнаманы қолдану практикасын қорыту	Тиісті ұсыныстар әзірлеу	ІІМ (жинақтау), ДСМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржыминінің КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша),	

			Б П (келісім бойынша), Әділетмині	2006-2008 жылдар
35.	Есірткі айналымы саласындағы әліпбилік анықтамалықты басып шығаруды қамтамасыз ету	Анықтамалық басып шығару	ДСМ	2006 жыл
36.	"Қазақстан Республикасының оқу орындарында есірткілерді пайдалану жағдайын зерттеу" жыл сайынғы мониторингін өткізу	Мониторинг өткізу	ДСМ, БҒМ	2007-2008 жылдар
37.	Жыл сайын»"Қазақстан Республикасында есірткіге тәуелділік проблемаларын көпдеңгейлі зерттеуді" өткізу	Зерттеу өткізу	ДСМ	2007-2008 жылдар
38.	Білім беру жүйесінде нашақорлықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мониторингін өткізу	Мониторинг өткізу	БҒМ	2008 жыл
5. Мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жасауды жүзеге асыратын кадрлық және техникалық әлеуетін нығайту жөніндегі іс-шаралар				
39.	Есірткі айналымын мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі оқыту семинарларын өткізу	Семинарлар, дөңгелек үстелдер	ІІМ, ДСМ, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар	2006-2008 жылдар
40.	Есірткінің заңсыз айналымы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін заңнаманы жетілдіру жөнінде семинарлар өткізу	Семинарлар, дөңгелек үстелдер	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржыминінің КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Әділетмині, ДСМ	2006-2008 жылдар
			ІІМ, БҒМ, ДСМ, МАМ, Т С М, облыстардың, Астана,	

41.	Нашақорлықтың алдын алу жөніндегі оқыту семинарларын өткізу	Семинарлар, дөңгелек үстелдер	Алматы қалаларының, оның ішінде Атырау облысының әкімдері	2006-2008 жылдар
42.	Қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде емдеу-алдын алу қызметін жетілдіру жөніндегі оқыту семинарларын өткізу	Семинарлар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік ұсынымдар	ІІМ, Әділетмінің ҚАЖК, ДСМ	2006-2008 жылдар
43.	Әділетмінің ССО бөлімшелері мен құқық қорғау органдарының өзара іс-қимыл жасасуын жетілдіру жөнінде семинарлар өткізу	Семинарлар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік ұсынымдар	ІІМ, Әділетмінің ССО, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымінің КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша)	2006-2008 жылдар
44.	Есірткі бизнесіне қарсы күрес ақпаратымен, тәжірибесімен және әдістерімен алмасу мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіру жөнінде семинарлар өткізу	Семинарлар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік ұсынымдар	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымінің КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Әділетмінің ССО	2006-2008 жылдар
45.	Педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар үшін есірткіге қарсы күрес тақырыбы бойынша жыл сайынғы білім беру циклдарын өткізу	Білім беру циклдарын өткізу, ІІМ - ге ақпарат беру	БҒМ, ДСМ, Еңбекмині	2006-2008 жылдар
46.*	ІІМ-нің Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығын материалдық-техникалық	Техникалық жарактандыру	ІІМ	

	калық нығайтуды жалғастыру			2006-2008 жылдар
47.	ІІМ-нің Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығында мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру	Сертификаттар беру	ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2006-2008 жылдар
48.*	Жедел, статистикалық, есепке алу және өзге де деректермен алмасудың ведомствоаралық ақпараттық желілерін құру	Бірлескен бұйрық	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржыминінің КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), ДСМ, Әділетминінің ССО	2006-2008 жылдар
49.	Есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу мақсатында құқық қорғау және арнайы органдардың кинологиялық қызметтерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жалғастыру	Материалдық-техникалық жарақтандыру	ІІМ, Қаржыминінің КБК, Қорғанысмині, ҰҚК ШҚ (келісім бойынша), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Атырау облыстарының әкімдері	2006-2008 жылдар
			ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), ҰҚК ШҚ (келісім бойынша), Қаржыминінің КБК, ЭСЖҚА (келісім	

50.* *	Есірткінің заңсыз айналымының, оның ішінде олардың контрабандасы мен тасымалдаудың жолын кесу мақсатында құқық қорғау және арнайы органдардың материалдық-техникалық және кадрлық базасын нығайтуды жалғастыру, "Есірткі шебі" бөгеу жүйесін дамыту	Материалдық-техникалық нығайту	бойынша), Әділетмінің С С О , Қорғаныс-мині, облыстар-дың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Ақмола, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Атырау облыстары-ның әкімдері	2006-2008 жылдар
51.	"Допинг",»"Көкнәр", "Канал",»"Арна",»"Жасөспірім" - және т.б. арнайы жедел-алдын алу операцияларын өткізу практикасын жалғастыру	Жедел-алдын алу операцияларын өткізу	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымінің КБК, ДСМ, БҒМ, облыстар-дың, Астана, Алматы қалаларының, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдері	2006-2008 жылдар
52.	Медициналық мекемелерде есірткі пайдалануға бейім мемлекеттік қызметке үміткерлерді және мемлекеттік органдар қызметкерлерін әскерге шақырылушыларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер	Ұ Қ К (келісім бойынша), ДСМ, Қорғаныс-мині, ІІМ, ЭСЖҚА (келісім бойынша), облыстар-дың, Астана, Алматы	

			қалалары- н ы ң әкімдері	2006-2008 жылдар
53.	Есірткінің, сондай-ақ оның үлгілерінің заңсыз айналымымен байланысты оқиғалар, жеке және заңды тұлғалар туралы жедел ақпараттың ведомствоара- лық деректер банкін құру	Бірлескен бұйрық	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині- нің КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), облыстар- д ы ң , Астана, Алматы қалалары- ның, оның ішінде Ақмола облысының әкімдері	2006-2008 жылдар
6. Халықаралық ынтымақтастық				
54.	Орталық Азия өңірі елде- рінде және есірткі бизне- сіне қарсы белсенді күресті жүзеге асырып жатқан басқа да мемлекет- терде Қазақстан Республи- касы құқық қорғау орган- дарының өкілдіктерін құру мәселелерін пысықтау	Тиісті ұсыныстар	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині- н і ң КБК, ҰҚК Ш Қ (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша)	2007-2008 жылдар
55.	Шарттық-құқықтық базаны жетілдіру, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы екіжақ- ты және көпжақты келісім- дерге қол қою жөніндегі жұмысты жалғастыру	Халықаралық шарттар	ІІМ, БП (келісім бойынша), Ұ Қ К (келісім бойынша), Қаржымині- нің КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), СІМ	2006-2008 жылдар

56.	Есірткі бизнесінен алынған кірістерді»жылыстату-дың жолын кесу, оларды тәркілеуге жәрдемдесу мәселелері бойынша өзара практикалық іс-кимыл жасасу мақсатында шетелдердің құқық қорғау органдарымен және арнайы қызметтерімен ынтымақтас-тықты кеңейту	Халықаралық шарттар	ЭСЖҚА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Ұ Қ К (келісім бойынша), Қаржыминінің КБК, ҰҚК ШҚ (келісім бойынша)	2006-2008 жылдар
57.	Халықаралық ұйымдар мен донор-елдердің қаражатын нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласына тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру	Халықаралық шарттар, халықаралық жобаларға, семинарларға, тренин-гілерге және курстарға қатысу	ПМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржыминінің КБК, ҰҚК ШҚ (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), СІМ	2006-2008 жылдар
	Барлығы			2006-2008 жылдар

кестенің жалғасы

N p/c	Болжанып отырған шығыстар (млн. теңге)					
	Республикалық бюджет			Жергілікті бюджет		
	2006	2007	2008	2006	2007	2008
	6	7	8	9	10	11
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						

8.	3,598	3,778	3,967	0 , 2 1 , 5 0 , 2 2,3	0 , 2 2 , 0 5 0 , 2 2,4	0 , 3 1 , 4 0 , 2 2,4
9.	1,667	1,754	1,754	0 , 0 6 6 0,035	0 , 0 7 5 0,035	0 , 0 7 5 0,035
10.	3,937 8,836	1,749 9,538	4,341 9,742	0 , 2 5 7 0 , 2 0 , 0 7 0 0 , 0 7 0 1 , 6 8 3 3 , 6 3 5 , 6 0,910	0 , 2 6 6 0 , 2 0 , 0 7 5 0 , 0 7 5 1 , 6 8 3 3 , 7 6 5 , 8 5 0,910	0 , 2 6 6 0 , 2 0 , 0 7 5 0 , 0 7 5 1 , 6 8 3 3 , 9 4 6 , 1 2 0,910
11.	31,833 0,250 24,131	33,346 0,250 25,579	35,095 0,300 15,109 4,0	0,05 0 , 6 3 , 6 9 2 2 , 6 1 , 2 1 , 3 0,7	0 , 0 5 0 , 6 3 , 6 9 2 2 , 6 1 , 2 0 , 2 0,7	0 , 0 5 0 , 6 3 , 6 9 2 2 , 6 1 , 2 0 , 3 0,7
12.	2,43	2,552	2,680			
13.	1,455	0,455	1,604	0,570	0,714	0,741
14.				3,42		
15.				18,357 120,0 8,871	2 , 4 4,032	6 , 4 36,771
16.				0 , 1 0 0 1,58	0 , 1 0 0 1,68	0 , 1 0 0 1,78

17.	1,957 0,675	1,501 0,709	2,158 0,744			
				1,0	1,3	1,3
				0,04 0,75	0,04 0,85	0,04 0,95
19.	7,0	7,35	7,717			
21.				15,0 1,0 7,9 22,6 7,62 58,252 4,928	45,7 1,0 1,2 0,5 14,2 85,989	15,0 1,0 0,5 96,353
26.	3,0	3,0	3,0			
27.	3,394	0,913**	3,742	0,444		
28.	35,165	36,689**	38,769			
29.				2,312	3,006	3,006
30.	1,393		0,832			
31.	1,410		1,554			
32.			15,0			
33.	5,04	5,292	5,557			
35.	2,0					
38.			0,712			
39.	1,404 9,955	1,075 7,740	1,548			
40.	0,100	0,051	0,110			
41.	0,476 0,655	0,450	0,525	0,5	0,55	0,6
42.	0,215	0,010	0,237			
43.	0,125	0,066	0,138			
44.	0,025	0,013	0,027			
45.	2,0	2,1	2,205			

49.	12,733 6,324	12,920 3,556***	14,039 6,972 0,5	3,0 2,938 7,0	3,0	3,0
50.	349,180 58,061 50,800 43,282 4,0	115,980 60,964 53,340 45,883 4,0	283,343 64,012 56,007 47,718 4,0 84,405 13,5	0,608 1,130 22,0 0,668 1,3	0,310 7,0 1,3	7,0 1,3
51.				0,082	0,082	0,082
52.			14,5			
53.				0,5	0,6	0,7
Бар- лығы	678,506	442,603	752,163	341,333	202,401	203,344

Е с к е р т п е :

* іс-шаралар»"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының жобалық құжаттарын жасасуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 61 қаулысына с ә й к е с қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

** іс-шаралар 001 "Республикалық деңгейде қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету" бағдарламасының
002 "Аумақтық органдардың аппараты" кіші бағдарламасы есебінен
қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

*** іс-шаралар 001 "Қарулы Күштердің жеке құрамын, қару-жарақтарын, әскери және
өзге де техникаларын, жабдықтарын, жануарлары мен инфрақұрылымын ұстау"
бюджеттік бағдарламасы есебінен
қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭСЖҚА - Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі

Ж С - Ж о ғ а р ғ ы С о т

Б П - Б а с П р о к у р а т у р а

ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қаржыминінің КБА - Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті

Әділетминінің ҚАЖК - Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

ІІМ - І ш к і і с т е р м и н и с т р л і г і

ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі

МАМ - Мәдениет және ақпарат министрлігі

ТСМ - Туризм және спорт министрлігі

Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қорғанысмині - Қорғаныс министрлігі

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі

АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі

Әділетмині - Әділет министрлігі

ҰҚК ШҚ - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі

Әділетминінің ССО - Әділет министрлігінің Сот-сараптамасы орталығы